«RakhmatullaGroup» ЖШС
Мекен жайы: Шымкент қ., Гагарин к., 18/17
БСН 171140008558
ЖСК KZ95551X127001404KZT
БСК KSNVKZKA
АҚ «Банк Фридом Финанс Казахстан» Шымкент қ.
Тел.: + 7 (7252) 31 01 88
Ұялы.: +7 (706) 400 47 74
e-mail: rakhmatulla.group@mail.ru

Rakhmatulla Group

ТОО «Rakhmatulla Group»
Адрес: г.Шымкент, ул.Гагарина 18/17
БИН 171140008558
ИИК KZ95551X127001404KZT
БИК KSNVKZKA
АО «Банк Фридом Финанс Казахстан» в г.Шымкент
Тел.: + 7 (7252) 31 01 88
Моб.: +7 (706) 400 47 74
e-mail: rakhmatulla.group@mail.ru

Исх.: № «34» от «17» «сентября» 2021 г.

Документ подготовил: Өмірзаков Жаркынбек Қалдыбекұлы, rakhmatulla.group@mail.ru
Документ подписал: Рахматулла Ғалымжан Тұрсынбайұлы, 17.09.2021 18:17:26

Кімге: Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Көшірме: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаментіне

Подписано с ЭЦП

Арыз

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» (*ары қарай - ұйымдастырушы*), мемлекеттік сатып алу веб порталында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Көпсалалы индустриалды - техникалық колледжіне» (*ары қарай – тапсырыс беруші*), «Жас Маман» жобасы бойынша оқу кабинетін сатып алу үшін, № 6171481-1 ашық конкурсын жариялады. № 6171481-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес «Rakhmatulla Group» ЖШС-ның 39877990-ОК2 лот бойынша конкурстық ұсынымы мынадай себептермен қабылданбады:

Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: ол біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы; Приложение 2 - әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы: Сатып алынатын тауарлардың және жинақтағы тауарлардың сипаттамасын және талап етілетін

функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар, оның ішінде тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы моделдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шыққан жерінің атауын және дайындаушы зауыттың атауы және оның орналасқан жері көрсетіліп осы КҚ-ға 3 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық ерекшелік ұсынылмаған. Тауарларға және жинақтағы тауарларға әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден немесе олардың ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) алынған хаттардың (сертификаттарының, куәліктерінің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелері ұсынылмаған. Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және оларды белгіленген тәртіппен ресімдеуі тиіс тауарлардың қатарына жатпауына байланысты, техникалық ерекшелікте көрсетілген өндірушілерден немесе олардың дилерлерінен, дистрибьюторлардан тауарлардың техникалық паспорттары, куәліктерінің, сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін өзге де құжаттар тауарды сатып алу кезінде берілетіндігі жөнінде өндіруші зауытпен немесе дилерімен, дистрибьюторымен расталған хатымен қоса әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізген кезде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хаты ұсынылмаған. ;

«Rakhmatulla Group» ЖШС ұйымдастырушының бұл шешімімен келіспейтінін хабарлаймыз. Атап айтқанда, «Rakhmatulla Group» ЖШС Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңында және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Rakhmatulla Group» ЖШС тапсырыс берушінің Қосымша 2 (Техникалық спецификациясына) сәйкес Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаны яғни техникалық ерекшелікті ұсындық. Онда «Rakhmatulla Group» ЖШС тапсырыс беруші талап еткен барлық тауарлардың **маркасын және моделін, өндіруші елін, кепілдік мерзімін, дайындаушы зауыттардың атын, шығарылған жылын, жеткізу мерзімін және жеткізу орнын** көрсеттік**.**

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 4-қосымшаның 16-тармағының 2) тармақшасына сәйкес «Rakhmatulla Group» ЖШС № 6171481-1 хабарландыру, лот 39877990-ОК2 бойынша жеңіске жеткен жағдайда техникалық паспорттар, тауарлардың сәйкестік сертификаттары (оның ішінде бағдарлама өндірушілерінен авторизациялық хаттарды) және тапсырыс беруші талап ететін өзге де құжаттар тауарды жеткізген кезде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хатын (**исх: № «30» от «27» «августа» 2021 г**.) конкурстық құжаттамада ұсындық. Аталған хатта «Осы кепілдік хатты елемеген жағдайда, тиісті нормативтік құқықтық

Документ подготовил: Өмірзаков Жаркынбек Қалдыбекұлы, rakhmatulla.group@mail.ru
Документ подписал: Рахматулла Ғалымжан Тұрсынбайұлы, 17.09.2021 18:17:26

Подписано с ЭЦП

актілерге барлық сілтемелер мен нормаларды көрсете отырып, дәлелді бас тартуды сұрадық», бірақ ұйымдастырушы тиісті жауап қайтарған жоқ.

Жоғарыда аталған, ұйымдастырушы тарапынан жасалған құқық бұзушылықтарды ескере отырып, Сізден, «Rakhmatulla Group» ЖШС-ның конкурстық өтініміне жол беруіңізді және №39877990-ОК2 лот бойынша жеңімпаз деп тануыңызды сұраймыз.

Директор **Рахматулла Ғ.Т.**

Орын.: Өмірзақов Ж.Қ
Тел.: 31 01 88

Документ подготовил: Өмірзақов Жаркынбек Қалдыбекұлы, rakhmatulla.group@mail.ru
Документ подписал: Рахматулла Ғалымжан Тұрсынбайұлы, 17.09.2021 18:17:26

Подписано с ЭЦП